

«АйКүн» бөбекжай балабақшасының
Ортаңғы тобына арналған
«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
«Бұрымды қыз»

Тәрбиеші: Бердонғарова А.Ж

Ақтөбе 2024ж



«БҰРЫМДЫ ҚЫЗ»

«Балапан» ортаңғы тобы аналары арасындағы сайыс

Мақсаты: Аналардың өнерін, шеберлігін, тапқырлығы мен шығармашылық қабілеттерін насихаттау, қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеу, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

- * Ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- * Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуына ықпал ету;
- * Аналардың өнері мен шығармашылығын қолдау;
- * Балаларға ананы құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, аяулы аналар және сүйкімді бүлдіршіндер!

«Ана» деген – өмірдің шуағы, отбасының берекесі, мейірімнің бастауы. Бүгін сіздерді «Бұрымды қыз» атты әсемдік пен өнерге толы сайысымызға қош келдіңіздер дейміз!

Бүгінгі сайысқа қатысушы аналарымызға сәттілік тілеп, қошеметпен қарсы алайық!

(Қатысушылар ортаға шығады.)

☐

1-кезең – «Таныстыру»

Әр қатысушы өзін және отбасын таныстырып, өмірлік ұстанымын айтады.

☐

2-кезең – «Өнерлі ана»

Қатысушылар ән айтып, би билейді, өлең оқиды немесе басқа өнер түрін көрсетеді.

☐

3-кезең – «Шебер қолдар»

Белгіленген уақыт ішінде қыз баланың шашын әдемі өріп, сәндейді.

☐

4-кезең – «Сұрақ-жауап»

Қазақтың салт-дәстүрі мен мақал-мәтелдеріне байланысты сұрақтар қойылады.

Мысалы:

- * Жеті қазынаны атаңыз.
- * «Ана көрген тон пішер...» мақалын жалғастырыңыз.
- * Қазақтың ұлттық тағамдарын атаңыз.

☐

5-кезең – «Анам екеуміз»

Анасы мен баласы бірігіп шағын тапсырма орындайды (пазл құрастыру, сурет салу немесе доппен эстафета).

□

Қазылар алқасы қорытынды шығарғанша

Балалар аналарға арнап ән айтып, би билейді немесе тақпақ оқиды.

□

Марапаттау

Жүргізуші:

Құрметті аналар! Сіздер бүгін тек сұлулықтарыңызды ғана емес, тапқырлықтарыңызды, өнерлеріңізді және шеберліктеріңізді көрсеттіңіздер.

Баршаңызға алғысымызды білдіреміз!

Барлық қатысушыларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталады.

Номинациялар:

- * «Бас жүлде – Бұрымды қыз»
- * «Өнерлі ана»
- * «Шебер ана»
- * «Көрермен көзайымы»
- * «Сымбатты ана»
- * «Тапқыр ана»

Қорытынды

Осындай игі шаралар арқылы ата-ана мен балабақша арасындағы байланыс нығая түссін! Баршаңызға денсаулық, бақыт, шаңырақтарыңызға құт-береке тілейміз!